Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі» КМҚК

ХАТТАМА
ПРОТОКОЛ

09.10.2026 жыл
(күні)

№ 4

Қостанай қ.

Қамқоршылық кеңестің қорытынды отырысы

Қатысқандар: 7 Қатыспағандар (А.М. Жетписпаев, Д.С. Оспанов)
Шақырылғандар: колледж директоры - Д.Б. Жанарстанова, аға шебер - И.А. Попкова, М.Ю. Югай

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 жылдардағы өкілеттік кезеңіндегі жұмыс қорытындыларын шығару туралы. — ***С.Д. Пушкарев***, ҚК төрағасының орынбасары.
2. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап жаңа құрамның күшіне енуіне байланысты Қамқоршылық кеңестің қолданыстағы құрамының өкілеттігін тоқтату туралы. — ***С.Д. Пушкарев***, ҚК төрағасының орынбасары.
3. Әртүрлі.

1. ***Тыңдалды:*** Бірінші мәселе бойынша ҚК төрағасының орынбасары С.Д. Пушкарев сөз сөйлеп, өткен кезеңдегі Қамқоршылық кеңестің қызметі туралы есепті ұсынды, негізгі жетістіктер мен анықталған түйткілді мәселелерді атап өтті.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшелері ұсынылған ақпаратты қолдап, кеңес жұмысының оң нәтижелерін атап өтті.

2. Тыңдалды: ҚК төрағасының орынбасары С.Д. Пушкарев жаңа құрамның қалыптастырылуына және оның 2026 жылғы 01 қарашадан бастап күшіне енуіне байланысты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының нұсқауына сәйкес) қорытынды отырысты өткізу және Қамқоршылық кеңестің қолданыстағы құрамының өкілеттігін тоқтату қажеттілігі туралы хабарлады.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшелері қолданыстағы құрамның өкілеттігін тоқтату туралы ұсынысты қолдады.

3. Қосымша сұрақтар түскен жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі» КМҚК Қамқоршылық кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігі 2026 жылғы 01 қарашадан бастап тоқтатылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің хатшысы И.А. Попковаға осы протоколды тиісті түрде ресімдеу және оны колледждің ресми сайтында орналастыру тапсырылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің қолданыстағы құрамының барлық жұмыс материалдары ары қарай сақталуы үшін колледж әкімшілігіне тапсырылсын.

Дауыс берілді: «жақтағандар» — 7, «қарсылар» — 0, «қалыс қалғандар» — 0.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Отырыс жабық деп жарияланды.

ҚК төрағасының орынбасары С.Д Пушкарев

Қамқоршылық кеңестің хатшысы И Попкова

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

Г.Ж. Кудайкулова

И.Н. Ли

О.В. Заводчикова

С.П. Бурдюк

Д.Д. Жайлуабаев

С.Д. Баямбаева